



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

«Сулейман Демирель атындағы университет» мекемесі  
6B01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ  
7M01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ  
8D01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ білім беру  
бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу  
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы  
сараптау комиссиясы  
жұмысының нәтижелері туралы

## **ЕСЕБІ**

2021жылғы 13-15 желтоқсан

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

*АРТА*  
*Аккредиттеу кеңесіне*  
*жіберілді*



**«Сулейман Демирель атындағы университет» мекемесі**  
**6В01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ**  
**7М01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ**  
**8D01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ білім беру бағдарламаларының**  
**мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау**  
**бойынша сыртқы сараптау комиссиясы**  
**жұмысының нәтижелері туралы**  
**ЕСЕБІ**  
**2021жылғы 13-15 желтоқсан**

Қаскелең қ.

2 желтоқсан 2021 жыл

## МАЗМҰНЫ

|  |  |
|--|--|
| (I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ .....  |  |
| (II) КІРІСПЕ .....   |  |
| (III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ .....  |  |
| (IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ .....   |  |
| (V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ .....  |  |
| (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІКІГІ  |  |
| 6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты .....  |  |
| 6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты .....  |  |
| 6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты .....                                      |  |
| 6.4. «Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторингілеу және мерзімдік бағалау»<br>стандарты .....        |  |
| 6.5. «Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау»<br>стандарты ..... |  |
| 6.6. «Білім алушылар» стандарты .....  |  |
| 6.7. «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты .....   |  |
| 6.8. «Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты .....                         |  |
| 6.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты .....  |  |
| 6.10. «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі» стандарты .....  |  |
| (VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ЕҢ ҮЗДІК<br>ТӘЖІРИБЕ .....                                |  |
| (VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ .....  |  |
| (IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ДАМУ ТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ШОЛУЫ .....  |  |
| 1 қосымша. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі  |  |

## (I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

|       |   |
|-------|---|
| АЕК   | Айлық есептік көрсеткіш                           |
| АКТ   | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар          |
| АТ    | Ақпараттық технологиялар                          |
| АТБ   | Ақпараттық технологиялар бөлімі                   |
| ББ    | Білім беру бағдарламалары                         |
| БҒЗЖ  | Білімгердің ғылыми-зерттеу жұмысы                 |
| БҒСБК | Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті     |
| БИЛ   | “Білім-инновация” лицейі                          |
| БП    | Бейіндеуші пәндер                                 |
| ҒЗЖ   | Ғылыми-зерттеу жұмысы                             |
| МҒЗЖ  | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы               |
| ҒТК   | Ғылыми-техникалық кеңес                           |
| ЖБП   | Жалпы білім беру пәндері                          |
| ЖОЖ   | Жеке оқу жоспары                                  |
| КОТ   | Кредиттік оқыту технологиясы                      |
| ҚБ    | Қорытынды бақылау                                 |
| ҚҚ    | Қоғамдық қор                                      |
| ҚМА   | Қорытынды мемлекеттік аттестаттау                 |
| ҚР    | Қазақстан Республикасы                            |
| МАК   | Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы                |
| МББ   | Модульдік білім беру бағдарламалары               |
| МББЖ  | Мәліметтер базасын басқару жүйесі                 |
| МЖБС  | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| МК    | Мәдениетаралық компетенция                        |
| МОЖ   | Модульдік оқу жоспары                             |
| МӨЖ   | Магистранттың өзіндік жұмысы                      |
| ОӘБ   | Оқу-әдістемелік бюро                              |
| ОӘК   | Оқу-әдістемелік кеңес                             |
| ПОҚ   | Профессорлық-оқытушылық құрам                     |
| СҒЗЖ  | Студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы                  |
| СДУ   | Сулейман Демирель атындағы Университет            |
| СК    | Студенттік клуб                                   |
| СМД   | Сапа мониторинг департаменті                      |
| СӨЖ   | Студенттердің өзіндік жұмысы                      |
| ҮОЖ   | Үлгілік оқу жоспары                               |
| ҰБЖ   | Ұлттық біліктілік жүйесі                          |

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігібас директорының 15.11.2021 № 175-ОД - 21 бұйрығына сәйкес 2021 ж. 13-15 желтоқсан аралығында сыртқы сараптау комиссиясы «Сулейман Демирель атындағы университет» мекемесінің 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламаларының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын сапасын бағалау стандарттарына (2020 жылғы 16 маусым күнгі №57-ОД-20 бұйрығымен бекітіліп, қолданысқа енгізілген) сәйкестігін анықтау жұмысы жүрді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде Сулейман Демирель атындағы университет қызметінің АРТА критерийлеріне мамандандырылған аккредиттеу аясындағы сәйкестігін бағалау, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясы Сулейман Демирел университеті мамандандырылған және бастапқы мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау бойынша **Сыртқы сараптау комиссиясы құрамы:**

**АРТА ССК төрағасы** – Палкин Евгений Алексеевич, т.ғ.д., профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресей жаңа университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.).

АРТА сарапшысы – Белоусов Александр Валерьевич, т.ғ.д., Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің (Ұлттық зерттеу университеті) оқу-әдістемелік бөлімі меңгерушісінің орынбасары (Мәскеу, Ресей Федерациясы) *6B06101 Ақпараттық жүйелер БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Ли Чон Ку, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университетінің халықаралық бизнес және маркетинг кафедрасының меңгерушісі (Беларусь Республикасы, Гродно қ.) *6B04105 Диджитал маркетинг БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Луцик Александр Чеславович, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Тарту университетінің Физика институтының иондық кристалдар физикасы зертханасының меңгерушісі (Тарту қ., Эстония). *8D01501 Математика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Шункеев Қуанышбек Шункеевич, физика-математика ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі (Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.) *6B01503 Физика-информатика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Ақыбаева Гүлвира Советбековна, ф.ғ.д., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқу жұмысы департаментінің директоры (Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.) *6B04104 Қаржы, 6B04103 Бухгалтерлік есеп және аудит БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Арзаева Майа Жеткергеновна, э.ғ.к., Логистика және көлік академиясының доценті (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B04102 Менеджмен, 7M04102 Менеджмен БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Бейсенқұлов Аязби Ахбергенұлы, п.ғ.д., Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің БАҚ-пен коммуникация кафедрасының профессоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B03201 Журналистика (теледидар және мультимедиа) БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Енсебаева Маржан Зайтовна, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.И. Сәтбаев Қазақ ұлттық ғылыми-зерттеу техникалық университетінің корпоративтік даму жөніндегі директоры. (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B05401 Математика, 7M05401 Математика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Каримова Гульмира Сарсемхановна, PhD доктор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а. (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Кульжумиева Айман Амангельдиновна, п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінің деканы (Қазақстан Республикасы, Орал қ.) *6B01501 Математика, 7M01501 Математика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Сафаров Руслан Заирович, химия ғылымдарының кандидаты, химия кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің коммерцияландыру басқармасының бас маманы (Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.) *6B01502 Химия-биология БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Кушебина Гульнара Маликовна, т.ғ.д., Қостанай атындағы инженерлік-экономикалық университетінің оқуды дамыту жөніндегі проректоры М.Дулатова (Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.) *6B04101 Экономика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Ордабаева Майгүл Айтқазиевна, PhD, «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті. (Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.) *8D04101 АРТА Менеджмент БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Кулахметова Мергуль Сабитовна, п.ғ.д., Павлодар педагогикалық университетінің доценті (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.) *6B02302 Аударма ісі БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Кусанова Бибигуль Хакимовна, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шет тілдерінің теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры. (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы). *8D01702 Шет тілі: екі шет тілі БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Мұстафина Аққыз Құраққызы, т.ғ.к., доцент, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқу және тәрбие қызметі жөніндегі проректоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B06102 Информатика, 7M06102 Информатика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Татаринава Лола Фуркатовна, з.ғ.к., UIВ Халықаралық бизнес университетінің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының доценті (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B04201 Қолданбалы құқық БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қазақ тілі мен әдебиеті, журналистика кафедрасының доценті. (Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.) *8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Урмашев Байдәулет Амантайұлы, т.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ақпараттық технологиялар факультетінің деканы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *8D06102 Информатика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Шевякова Татьяна Васильевна, филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры (Алматы., Қазақстан Республикасы) *6B01702 Шет тілі: екі шет тілі, 7M01702 Шет тілі: екі шет тілі БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы – Чукубаев Ермек Самарович, тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B03101 Халықаралық қатынастар, 6B04202 Халықаралық құқық БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, жұмыс беруші – Питраков Владимир Юрьевич, «БЗЖҚ» АҚ Павлодар облыстық филиалының директоры (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы) *6B04104 Қаржы, 6B04103 Бухгалтерлік есеп және аудит БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, жұмыс беруші – Сафуллин Елдос Набиоллиевич, «Өрлеу» НТСПК Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары (Қазақстан Республикасы, Орал қ.) *6B05401 Математика, 7M05401 Математика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Батырова Ақмарал Мейірханқызы, 6B04132 Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Қ.Жұбанов. атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.)

АРТА сарапшысы, студент – Кенденгулова Шолпан Ербулатқызы, 6B01707 «Ағылшын тілі және информатика» білім беру бағдарламасының 1 курсына . Қ.Жұбанова (Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.) *6B01702 Шет тілі: екі шет тілі БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Сайлаубекова Алина Жарқынқызы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің 7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс білім алушысы (Қазақстан Республикасы, Семей қ.) *6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Ерсайын Сая Жасталапқызы, «Тұран» университетінің 6B03201 журналистика білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, Қазақстан студенттері альянсының мүшесі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) *6B03201 Журналистика (теледидар және мультимедиа) БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Егізбаева Асылзат Ерқынқызы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 7M06149 Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасының 1 курс білім алушысы (Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы) *7M06102 Информатика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Октябрь Ақиық, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6B01513 Физика-информатика білім беру бағдарламасының 3 курс студенті. (Өскемен қ., Қазақстан Республикасы) *6B01503 Физика-информатика БББ бағалау.*

АРТА сарапшысы, студент – Сейіт Рабия, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6B06101 Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасының 4 курс білім алушысы (Өскемен қ., Қазақстан Республикасы) *6B06102 Информатика, 7M06102 Информатика БББ бағалау.*

АРТА үйлестірушісі – Ниязова Гулияш Балкеновна, Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі ЖОО институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу Жобасының жетекшісі (Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.).

### **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ**

Университетте 2018-2023 жылдарға арналған даму жоспары кіретін миссия, дайымдау және стратегия нақтыланған. Стратегияны жыл сайын макро және микро ортадағы өзгерістерді ескере отырып жаңартылуы қарастырылған. Университет 45 білім беру бағдарламасы бойынша, оның ішінде бакалавриаттың 21 білім беру бағдарламасы, магистратураның 17 білім беру бағдарламасы, PhD 7 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. 2015 жылдан бастап бүгінге дейін СДУ 20 жаңа білім беру бағдарламасы ашылған: 7 бакалавриат, 10

магистратура және 3 докторантура бағдарламалары.

ССК келген кезде білім алушылар контингенті 6137 адамды құрады: бакалавриат – 5595 адам, магистратура – 468 адам, докторантура – 74 адам. Бес жыл ішінде бакалавриатта контингент ұлғайған (2065 адамнан 5595 адамға дейін); магистратурада контингент артқан (138 адамнан 468 адамға дейін); докторантурада да байқалады (2 адамнан 48 адамға дейін).

2020-2021 оқу жылында профессорлық-оқытушылық құрамның жалпы штаты 325 бірлікті құрайды, оның ішінде 13 – ғылым докторы; 42 – ғылым кандидаты; 50 – PhD докторы; 141 – магистр. ПОҚ ғылыми дәрежелілігі 47%.

Университетте әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс істейді: Cambridge University (Ұлыбритания), Harvard University (АҚШ), University of Southern California (АҚШ), Columbia University (АҚШ), Boston University (АҚШ), University of Illinois (АҚШ), Universite de Montreal (Канада), Jacobs University (Германия), Carnegie Mellon University (АҚШ), Pennsylvania State University (АҚШ), University of Pittsburgh (АҚШ) және т.б. бар.

Университет құрылымына Ректорат, 21 департамент және құрылымдық бөлімше, 3 Факультет, 1 бизнес-мектеп, мультидисциплинарлық білім беру орталығы, 7 кафедра, 11 ғылыми-зерттеу зертханасы кіреді (<https://drive.google.com/file/d/10TJctpqWdYhNhEiAjPXFUAPtWm79p8Jg/view?usp=sharing>).

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің ЖОО-лар Бас рейтингісі қорытындысы бойынша Университет 2017 жылы 11-орында болса, 2020 жылы 7 орынды иеленген.

АРТА бас рейтингісінің қорытындысы бойынша Университет келесі орындарды иеленген: 2020 жылы – 14-орын (<https://iaar.agency/rating/1/0/2020>), 2019 жылы – 10-орын (<https://iaar.agency/rating/1/0/2019>) және 2018 жылы – 13-орын (<https://iaar.agency/rating/1/0/2018>).

Атамекен ҰКП соңғы рейтингінің қорытындысы бойынша Университет 4-орынды иелену арқылы үздік 10 жоғары оқу орны қатарына кірген. АКТ бағыты бойынша жұмысқа орналасу деңгейі бойынша Университет 3-орынды, ал бизнес-басқару бағыты бойынша 2-орынды иеленген (<https://clck.ru/ZKvTP>).

Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында Webometrics-2019 халықаралық рейтингінде СДУ ресми сайты 14-орын алған (<https://www.webometrics.info/en/detalles/sdu.edu.kz>). Сондай-ақ Университет жалпы рейтинг бойынша әлем университеттері арасында Round University Ranking 2020-да 731-орынды (<https://roundranking.com/universities/suleyman-demirel-university-kazakhstan.html?sort=O&year=2019&subject=SO>), сондай-ақ техникалық бағыт бойынша 676-орынды иеленген (<https://roundranking.com/universities/suleyman-demirel-university-kazakhstan.html?sort=O&year=2021&subject=SO>).

2018 жылы Сапаны қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық жаңартылған, 2019 жылы Академиялық саясат және Академиялық адалдық саясаты әзірленген ([https://drive.google.com/file/d/1wz6PIOhGK2NIFuRNrGkXSLIioI\\_1O5\\_p/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1wz6PIOhGK2NIFuRNrGkXSLIioI_1O5_p/view?usp=sharing)). 2018 жылдан бастап Университет шарт негізінде ҚР жоғары оқу орындарының академиялық адалдық Лигасына кірген. 2020 жылы наурызда алғашқы мониторинг өткен.

2017 жылы СДУ ISO 9001:2016 сапа менеджменті жүйесінің сертификаттауынан өтілген ([https://drive.google.com/file/d/1bRptCMh\\_Y0WS9hQtHwm9rFF2teoPizKa/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1bRptCMh_Y0WS9hQtHwm9rFF2teoPizKa/view?usp=sharing)).

2018 жылы Университеттің 2018-2023 жж. Стратегиялық даму жоспары бекітілген (<https://drive.google.com/file/d/1xqrm9R8tKpkPNQCpkZjxP4nlBWZB5rv5/view?usp=sharing>).

Университеттің ресми сайты: [www.sdu.edu.kz](http://www.sdu.edu.kz).



#### (IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Алдыңғы аккредитация қорытындысы көрсеткендей, 5B011700 Қазақ тілі және әдебиеті, 6M011700 Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламалары Аккредиттеу Кеңесінің 2015 жылғы 26 маусым күнгі шешім бойынша 5 жылға аккредиттелген. 8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бұрын мамандандырылған аккредиттеуден өтпеген.

#### (V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ

Сыртқы сараптау комиссиясының Сулейман Демирель атындағы университетке іс сапары 2021 жылғы 13-15 желтоқсан аралығында бекітілген және алдын ала келісілген сапар бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 10.12.2021 ж. белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

Университет қызметін бағалау бойынша объективті ақпарат алу мақсатында ССК мүшелері университеттің түрлі материалдық-техникалық базасын қарау, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлермен, оқытушылар, білім алушылар, түлектер және жұмыс берушілермен бақылау, сұхбат жүргізу, профессор-оқытушылар құрамына, студенттер, магистранттар, докторанттарға онлайн-сауалнама жүргізу сияқты әдістерді пайдаланды.

АРТА ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер:

Стандарт талаптарына сәйкестігін бағлау сапарының бағдарламасы проректорлармен, құрылымдық бөлімдері басшылары, декандар, кафедра меңгерушілері, БББ үйлестірушілері, оқытушылар, білім алушылар, түлектер және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және сауалнама жүргізуді қамтыды. Кездесулерге барлығы 83 адам қатысты.

| Қатысушылар категориясы      | Саны      |
|------------------------------|-----------|
| Ректор                       | 1         |
| Проректор                    | 4         |
| Құрылымдық бөлімше басшылары | 20        |
| Факультет декандары          | 4         |
| Кафедра меңгерушілері        | 8         |
| Үйлестірушілер               | 3         |
| Оқытушылар                   | 10        |
| Білім алушылар               | 15        |
| Түлектер                     | 12        |
| Жұмыс берушілер              | 6         |
| <b>Барлығы</b>               | <b>83</b> |

ССК мүшелерімен 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ қалыптастыру және даярлауда жұмыспен қамтушы ретінде «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Қарасай ауданының «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры және әдіскерлерімен кездесу

ұйымдастырылды. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының, аккредиттелетін бағдарламалардың басқа да практика базаларының қызметкерлерімен онлайн кездесу ұйымдастырылды.

ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жай-күйімен танысып, аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыратын факультеттер мен кафедраларды, атаулы кабинеттер мен зертханаларды көріп, жұмыстарымен танысты.

Аккредиттеу рәсіміне сәйкес онлайн-сауалнама 145 оқытушыдан, 1083 білім алушыдан алынды, оның ішінде бакалавриат және магистратура, докторантура білім алушылары қамтылды.

Өзін-өзі бағалау туралы есепте көрсетілген ақпаратты растау үшін сыртқы сарапшылар университеттің атқарған жұмыстарының құжаттамасын талдады. Сарапшылар ресми сайты [www.sdu.edu.kz](http://www.sdu.edu.kz) арқылы университеттің ғаламтордағы орналасуын зерттеді.

Университет ұжымы тарапынан ССК үшін барлық жағдай жасалып, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қол жеткізу ұйымдастырылған. Университетке сапар бағдарламасында көрсетілген іс-шаралардың белгіленген уақыт шеңберінде орындалуын қамтамасыз етті. Жоспарланған бағдарлама аясында ССК әзірлеген Сулейман Демирель атындағы университетке аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар 15.12.2021 ж. университет басшылығымен өткен кездесуде ұсынылды.

Аккредиттеу кезеңінде кейбір сабақтар қашықтан өткізілді, ССК мүшелері кесте бойынша оффлайн сабақтарға да қатысты, оның ішінде 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша:

Шетел әдебиеті 14.12.2021 11.00-11.50-де D1 дәріс залында; 14.12.2021 12.00-12.50-де «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» (<https://onlinesdu.webex.com/meet/maira.zholshayeva>);

14.12.2021 14.00-14.50-де Қазіргі қазақ әдебиеті (<https://onlinesdu.webex.com/join/bayan.kerimbekova>) сабақтары өткізілді. Сабақтар талапқа сай, мультимедиалық технологиялармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар сарапшылар университет ғимаратын, материалдық-техникалық базаны аралау барысында «Компьютерлік-машиналық оқыту» лабораториясында өткізіліп жатқан «Білім берудегі цифрлық технологиялар» пәні бойынша қорытынды сабаққа қатысты.

## **(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ**

### **6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

#### ***Дәлелдеу бөлімі***

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша білім беру бағдарламасының мақсаттары мен құзыреттіліктері Сулейман Демирель атындағы университет миссиясына, стратегиясына, көзқарасына сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасының мақсаты, жоспары, оқытылатын пәндер жүйесі бағдарлама паспортында жан жақты түсіндірілген (<https://drive.google.com/file/d/1mMKEqiHpaIsLmdjF2boxN9FPQ-LYJsvV/view?usp=sharing>).

БББ даму жоспарын дайындау үдерісіне кафедра мен факультет оқытушылары ғана емес, сонымен бірге бітіруші түлектер, білім беру мекемелерінің тәжірибелі мамандары және «Білім-инновация» лицейлері, басқа да жұмыс беруші орындардың өкілдері қатысқан.

Барлық мүдделі тұлғалардың 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ даму жоспарының мазмұнына ықпал етуге

толық мүмкіндіктері бар:

кафедра оқытушылары білім алушыларға элективті пәндер каталогы арқылы ұсынылатын жаңа, авторлық курстар дайындалған (<https://drive.google.com/file/d/14QSigPdi48-V3sY2kWN2vQd3YscOdMeO/view?usp=sharing>);

- білім беру бағдарламасын дайындауда тұрақты жұмыс берушілер болып табылатын білім беру мекемелерінің ұсыныстары мен пікірлері ескерілген (<https://docs.google.com/document/d/14dPrr09OIHcmpt-mAAaXw4q3VLgUZuMe/edit?usp=sharing&oid=103595025043417362499&rtpof=true&sd=true>);

- БББ бітірген түлектерден сауалнама алынып, нәтижесі бағдарлама жасауда есепке алынған ([https://drive.google.com/file/d/1JsI1KuFqT84w4MwdWChh3yMMCV5S\\_ML3/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1JsI1KuFqT84w4MwdWChh3yMMCV5S_ML3/view?usp=sharing)).

Білім беру бағдарламасының мақсатын, даму стратегиясын дайындау механизмін сапалы ұйымдастыру үшін университет аясында шетелдік ғалымдармен біліктілікті арттыру семинарлар өткізу жолға қойылған.

02.11.2020-25.11.2020 аралығында ұйымдастырылған on-line семинар-тренингі (<https://drive.google.com/file/d/1H1GY1IyjMmZEX9IUmbYpFwVSAZ3UC91W/view?usp=sharing>),

2021 жылдың қыркүйек-қазан айында София Баттың өткізген «ББ паспорты (Program Profile) және Силлабус толтыру жүйесі» семинарының ([https://drive.google.com/file/d/1fYI0G\\_FOIEY4VE\\_7krRih90VepUJg1as/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1fYI0G_FOIEY4VE_7krRih90VepUJg1as/view?usp=sharing)), 2021 жылдың 23 қыркүйегінде Назарбаев университеті ұйымдастырған «Академиялық бағдарламаларды әзірлеу. Кейбір аспектілер» практикалық семинарының (<https://drive.google.com/file/d/1uwnS9GGVtB2g-mML-NNMdxOpqhM40825/view?usp=sharing>), т.б құжаттары ұсынылды.

Ғылыми-зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу жолға қойылған. «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы», «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс», «Білім берудегі цифрлық технологиялар» сияқты таңдау пәндері ғылыми-зерттеу нәтижелері негізінде енгізілген

[https://drive.google.com/file/d/1y8cj0MVPhe\\_IROMvWuKK\\_0Bao9\\_YCC/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1y8cj0MVPhe_IROMvWuKK_0Bao9_YCC/view?usp=sharing).  
ПОҚ-ты ынталандыру және ғылыми-зерттеу жетістіктері бойынша қаламақы төлеу мәселесі сапаны қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылады. Қаламақы төлеу ережесіне сай [https://drive.google.com/file/d/1a\\_LK1z9ucRKjftHaLklu9edD5YelhkK8/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1a_LK1z9ucRKjftHaLklu9edD5YelhkK8/view?usp=sharing)

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның оқытушыларына ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік еңбектері үшін ережеге сай белгіленген көлемде қаламақы төленген [https://drive.google.com/file/d/1oDQiQvbVeEJ1uedmgnDnsQvbmU\\_jbNH1/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1oDQiQvbVeEJ1uedmgnDnsQvbmU_jbNH1/view?usp=sharing)).

Университет тарапынан БББ сапалы мониторинг жүргізу үшін 2019 жылдан бастап «Курсты және оқытуды бағалау» сауалнамасы жүргізілген <https://drive.google.com/file/d/1gKTLJu9-QpLe4XXmhLVeH6bsXXeXc8ws/view?usp=sharing> және факультет бойынша үздік курстар, оқытушылар анықталған. Мысалы, 2020-2021 оқу жылында 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша факультет бойынша KZL 125 Қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясы пәні ең үздік нәтиже көрсеткен.

«Курсты және оқыту бағалау» сауалнамасы бойынша үздік курстар тізімінде KZL 125 Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясы курсы – 4, 97 балл, KZL 325 Кәсіби үдерістегі қазақ тілі курсы – 4,6 баллмен бағаланған.

«Курсты және оқытуды бағалау» сауалнама нәтижесінде факультет бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ оқытушылары Жолшаева М., Нұрманова Г., Мамбетов Ж. үздік бестікке енген.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша бірнеше халықаралық және отандық ЖОО-мен меморандум мен келісімшарттар жасалған. Шетелдік ЖОО-мен бірлесе атқарылған іс-шаралар және тағылымдамалар ақпараттар дәлелді құжаттарымен ұсынылды.

| № | Серіктес мекемелер  | Ұйымдастырылған іс-шаралар  |
|---|---|---|
| 1 | Hankuk University of foreign studies, Korea   | «Ақпараттық-инновациялық технологиялар арқылы қазақ тілін шеттілі ретінде оқыту» гранттық жобасы аясында жоба жетекшісі А.Б.Нұржанова ( <a href="https://drive.google.com/file/d/1CrHRcsUbFO6GtgGwpBKzTSMGS1NNCROZ/view?usp=sharing">https://drive.google.com/file/d/1CrHRcsUbFO6GtgGwpBKzTSMGS1NNCROZ/view?usp=sharing</a> ) тәжірибе алмасу мақсатында іссапарға барып, Б.Керімбекова шетелдік тағылымдамадан өткен. ( <a href="https://drive.google.com/file/d/1K3bAeOXmYimEzQ4D0kb6lopIw_oSu3e6/view?usp=sharing">https://drive.google.com/file/d/1K3bAeOXmYimEzQ4D0kb6lopIw_oSu3e6/view?usp=sharing</a> ). |
| 2 | Қырғызстан Республикасы Бишкек қаласындағы Ататүркі-Алатао Халықаралық университеті | ІСВСВ 7-халықаралық конференциясы ұйымдастырылған.  |
| 3 | Халықаралық Вурхуниверситеті, Босния мен Герцоговина                                | 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ докторанттары Г.Нұрманова ( <a href="https://drive.google.com/file/d/1kIIPX0c1s9NCmMaCtZRsEatBGA8ocbRE/view?usp=sharing">https://drive.google.com/file/d/1kIIPX0c1s9NCmMaCtZRsEatBGA8ocbRE/view?usp=sharing</a> ), Ғ.Отарбаева PhD, ассист.проф. Джейлани Акай жетекшілігімен шетелдік тағылымдамадан өткен. ( <a href="https://drive.google.com/file/d/1ooOwzpAEy6jC1AfXI3KBkIrhKF3M6xfh/view?usp=sharing">https://drive.google.com/file/d/1ooOwzpAEy6jC1AfXI3KBkIrhKF3M6xfh/view?usp=sharing</a> ).  |
| 4 | Адам Мицкевичатындағы университет, Польша   | 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ докторанттары Ж.Дүйсебекова, Ж.Шаймерденова проф. Күлайхан Ақтайдың жетекшілігімен шетелдік тағылымдамадан өткен. ( <a href="https://drive.google.com/file/d/1vnsBiMheD2y89rCYu8zdRCePDSLvZFMb/view?usp=sharing">https://drive.google.com/file/d/1vnsBiMheD2y89rCYu8zdRCePDSLvZFMb/view?usp=sharing</a> ).   |

Өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалған Отандық ЖОО:

- Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет
- Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
- Еуразия технологиялық университеті
- Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
- С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

(<https://drive.google.com/drive/folders/1jLh60ZIFHt7xjGVokXF02VVG1Mh2Ob8?usp=sharing>).

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша кестеде көрсетілген студенттер сыртқы

академиялық ұтқырлықтан өткен.

Сыртқы академиялық ұтқырлық

| № | Білімгерді наты-<br>жөні | Академиялық ұтқырлықтан<br>өткен ЖОО атауы | Курс   | Мерзімі             |
|---|--------------------------|--|--------|---------------------|
| 1 | Муссатаева Адель         | Eastern Mediterranean University           | 2-курс | 2019, күзгі семестр |
| 2 | Саят Абдулла             | Eastern Mediterranean University           | 2-курс | 2021, күзгі семестр |

2021-2022 оқу жылының, 5-семестріне М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінен «Қазақ тілі және әдебиеті» ББ 3-курс студенттері Ордабек Асия және Құдайберген Ұлжалғас ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқиды. ([https://drive.google.com/file/d/1Lt198z8Y7CwRI-ubHWBubT\\_KlgriZQBZ/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1Lt198z8Y7CwRI-ubHWBubT_KlgriZQBZ/view?usp=sharing)).

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ құрастыруда бітірген түлектерден алынған сауалнама нәтижелері, Ақылдастық кеңес пен ПОҚ-тың ұсыныс-пікірлері ескерілген. Нәтижесінде мазмұндас пәндер біріктіріліп, бакалавриат, магистратура және докторантураға жаңа таңдау пәндері енгізілген.

Ақылдастық кеңес (Advisory Board) жоғары оқу орнының жетекші оқытушыларынан, мектеп мұғалімдерінен, бейіні бойынша практика сарапшыларынан, білім беру мекемелерінің топ менеджерлерінен, сондай-ақ ЖОО түлектерінен құралған.

Университеттің ұстанып отырған көптілді тұлғаны қалыптастыру миссиясына сәйкес оқу үдерісінде міндетті «Ағылшын тілі», «Орыс тілі» пәндерімен қатар, «Түрік тілі» пәндері жүргізіледі. 1-2 курста түрік тілі 12 ECTS; ағылшын тілі 1-3 семестрде 12 ECTS оқытылады. БББ материалдық база жақсы құрылған, аудиториялық сабақтар (лекция, практикалық сабақ) жаңа үлгідегі құрал-жабдықтармен (мультипроекторлар, компьютерлер т.б.) жабдықталған дәрісханаларда жүргізіледі.

БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша біліктіліктерін арттырған. «Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің деканы Өздемир Джемал «Білім берудегі менеджмент» саласы бойынша Ахмет Яссауи университетінің магистратурасын бітірген

<https://drive.google.com/file/d/12VyaxT1L6O1mRnoobgZqQJaYJSV-OFx2/view?usp=sharing>). Университет тарапынан БББ басшылығына арналған ішкі біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылған. 2021 жылдың наурызында «в рамках реализации СДУ HR жобасы аясындағы басқару құзыреттері» тақырыбында арнайы курс өткізілген. Курсқа 2020-2021 оқу жылында «Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің деканы қызметін атқарған Т. Жүсіпбек «Тілдік білім беру» кафедра меңгерушісі Қ.Сыздықов 6M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ үйлестірушісі Ж. Дүйсебекова қатысқан ([https://drive.google.com/file/d/1\\_9JRjqpTTg0j6TAcU1WnaH\\_2P2-gO9ng/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1_9JRjqpTTg0j6TAcU1WnaH_2P2-gO9ng/view?usp=sharing)).

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша әр жылдардағы оқу бағдарламаларына стейкхолдерлер тарапынан берілген оң пікірлер бар. Мәселен, «Мектеп» баспасының «Қазақ редакциясынан», Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» және «Грамматика» бөлімдерінен, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан, Алматы «Білім-Инновация» лицей мекемесінен, Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зиярткерлік мектебі қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі және Алматы қаласындағы №202 мектеп-гимназиясынан пікірлер берілген <https://drive.google.com/drive/folders/1xTsJTNzSnJBaoSeFIPGObRIfxeS4OP2t?usp=sharing>.

*Аналитикалық бөлім*

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның мақсаты университет миссиясымен сабақтасатынын, оқу бағдарламасын жасауда мүдделі тұлғалардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлері ескерілетінін көруге болады.

Сапаны қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін «Курсты және оқытуды бағалау» сауалнамасы нәтижесінде 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ курстары мен оқытушылары үздік нәтиже көрсеткенін құжаттар растады.

АРТА-ның ССК мүшелері ректормен, кафедра меңгерушілерімен, құрылымдық бөлімшелер басшыларымен, білім алушылармен, профессор-оқытушылық құраммен, жұмыс беруші ұйымдар өкілдерімен және түлектермен кездесулер, әңгімелесулер және сұхбат жүргізе отырып, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге сауалнама жүргізіп, университеттің оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік ресурстармен және қажетті құжаттармен толық танысу нәтижесінде БББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығы, оған барлық ұжымның қатысатындығын растады. Бұл туралы университеттің негізгі үдерістерін басқаруды қамтамасыз ететін Ғылыми кеңес, ректорат, оқу-әдістемелік кеңес қызметі құжаттары да куәландырады.

ССК ЖОО-да ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсететін сапаны қамтамасыз етудің жарияланған саясаты, университеттің және аккредиттелетін БББ-ның даму жоспары бар екенін растайды.

ССК білім беру бағдарламаларын басқаруда алқалық органдардың құрамына мүдделі тұлғалар өкілдерінің қатысатындығын, ББ басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірі ескерілетіндігін растайды. Атап айтар болсақ, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Әл Фараби атындағы арнаулы гимназиясы, №123 Қожа Ахмет Яссауи мектеп-гимназиясы, ТОО «Edlight education support center» оқу әдістемелік бөлімі, Алматы «Білім-Инновация» қыз балалар лицейі, т.б жұмыс беруші мекемелермен меморандумдар жасалып, ынтымақтаса жұмыс істеу жөнінде ұзақ мерзімдегі келісімшарттарға қол қойылған.

БББ басшылығы мен басшылықтың ашықтығы мен қол жетімділігі принципі сақталған. Сауалнаманың нәтижелері бойынша университеттің профессор-оқытушылық құрамы университет басшылығының оқу бағдарламасының мазмұнына назарын жоғары бағалайтынын атап өткен жөн. Сонымен, «Оқу орнының басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұнына қалай назар аударды?» деген сұраққа «өте жақсы» (69 %) , «жақсы» (29,7 %) деп жауап берді.

ЕЭК АРА-ға барған кездегі профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасы оқытушылар үшін басшылықтың жеткілікті ашықтығы мен қол жетімділігін көрсетті: өте жақсы – (78,7%), жақсы (20%), бұл бізге университет ішінде дамыған байланыс жүйесінің жақсы болуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Бағаланып жатқан БББ сапасы, мақсат-міндеттерінің ауқымдығы, материалдық жағдайы, білім алушылар арасында жүргізілген сауалнамалар бірлескен/қос дипломды білім беру мақсатында атқарылатын жұмыстарды жопарлау мәселесін өзектілігіне себеп болып тұрғаны айқындалды.

### ***Мықты жақтары***

БББ даму жоспары, оқу бағдарламасы қоғамның сұранысын қанағаттандыруды мақсат етеді.

Ақылдастық кеңестің, түлектердің, білім алушылардың, ПОҚ-тың, басқа да мүдделі тұлғалардың ұсыныс, пікірлерін ескеру арқылы ББ әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз еткен.

БББ аясында оқытушылардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу жолға қойылған.

### **ССК ұсынысы:**

Бірлескен/қос дипломды білім беру мақсатында атқарылатын жұмыстарды жолға қою.

**«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша ССК қорытындысы:**  
**6B01701 Қазақ тілі және БББ 2 күшті, 15 қанағаттанарлық жақтары анықталды;**  
**7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ 1 күшті, 16 қанағаттанарлық жақтары анықталды.**

## **6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

### **Дәлелдеу бөлімі**

Сулейман Демирель атындағы университет ақпаратты басқару, оның ішінде ақпаратты жинақтау және талдау үдерістерін жолға қойған. Университетінде ақпаратты беру жоғары оқу орнының ресми сайты, Университеттің Uni Port порталы, Enroll (онлайн тіркелу), SIS (Student Information System), SR (Student Registration), әлеуметтік желілер (Университеттің, факультеттің, сондай-ақ, БББ-ның Instagram және Телеграм арнадағы жеке аккаунты) және БАҚ арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнында ақпаратты басқарудың төмендегідей жүйесі қалыптасқанын көруге болады:

- Университеттің ресми сайты – <https://sdu.edu.kz/>

Оқу үдерісін басқарудың ақпараттық жүйесі:

- СДУ қызметкерлерге арналған порталы – <https://pms.sdu.edu.kz/>;

- Білімгерлерге арналған портал – <https://my.sdu.edu.kz/>;

- Құжаттарды басқару жүйесі (DMS) – <https://dms.sdu.edu.kz/>;

- Пайдаланушылардың ішкі техникалық сұраныстарына (Helpdesk) қызмет көрсету үшін Университет ішіндегі бірыңғай байланыс пункті – <https://helpdesk.sdu.edu.kz/>;

- Университеттің электрондық оқулықтар мен кітаптар іздеу жүйесі – <http://elibrary.sdu.edu.kz/>;

СДУ әлеуметтік желілері:

- <http://vk.com/sdukz>;

- <https://www.facebook.com/sdu.edu.kz/>;

- <https://twitter.com/sdukz/>;

- [http://instagram.com/sdu\\_kz/](http://instagram.com/sdu_kz/);

- <https://t.me/sdukz>.

Білім беру ресурстары:

Moodle <https://Moodle.sdu.edu.kz/>;

Webex <https://sdu.webex.com>.

Аталған ақпаратты басқару жүйелерінің қызметі мен ақпараттың анықтығына университеттің «Автоматтандыру» және университеттің имиджін қалыптастыруды, оқу орнының тұжырымдамасы мен стратегиясын іске асыруды, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, қоғаммен байланыс, брендтік өнімдер қызметтерін ұсынуды қадағалайды «Маркетинг» департаменттері жауапты.

Ғылыми зерттеулерді дерекқорымен қамтамасыз ету университет кітапханасында жүйеге қойылған. ҒЗЖ орындаушылар, ПОҚ және білім алушылар ғылыми әдебиет қорларына электронды кітапхана арқылы қол жеткізе алады.

Профессор-оқытушылар құрамын ақпаратпен қамту @sdu.edu.kz СДУ ішкі почтасы арқылы жүзеге асады. Университеттің әлеуметтік желілердегі парақшаларынан бөлек

факультеттің инстаграм желісінде @edufaculty\_sdu парақшасы, телеграм желісінде Faculty of Education and Humanities Sciences атты каналы факультетішілік хабарландырулар мен өзара талқылауларды, студенттер мен оқытушыларға берілетін нұсқауларды таратудың көзі болып табылады.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның есептілік жүйесі университеттің eBA құжат айналымы және жұмыс процесін басқару жүйесі [www.dms.sdu.edu.kz](http://www.dms.sdu.edu.kz) порталында жүзеге асады. Оқытушының жеке жұмыс есебі [www.dms.sdu.edu.kz](http://www.dms.sdu.edu.kz) порталында толтырылып, кафедра меңгерушісі тарапынан бекітіледі.

Оқытушының жеке жұмыс есебі оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу, қосымша іс-шаралар және қоғамдық жұмыстар негізгі 4 бөлімді қамтиды.

БББ-да атқарылған жұмыстың нәтижесі оқытушылардың орындаған жұмыстарының көрсеткіштері арқылы, мерзімді есеп түрінде көрініс табады. Оқытушының жеке жұмыс жоспарында көрсетілген мақсаттарының орындалуы БББ жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.

ББ сапасы ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысу арқылы да қадағаланады. 2020-2021 оқу жылындағы рейтинг көрсеткіші бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ «Атамекен» ҰКП рейтингісінде 1-орыннан көрінген (<https://clck.ru/ZKxcv>).

БББ-ның оқу жоспары білікті мамандары мен жұмыс берушілерден құрылған «Ақылдастар кеңесінде» талқыланып бекітіледі. Сондай-ақ, «Ақылдастар кеңесі» БББ-ның нарықтағы сұранысын қанағаттандыру деңгейін бағалайды, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішіне сараптама жасайды және өз ұсыныстарын білдіреді.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ педагогикалық бағытта болғандықтан Ақылдастар кеңесінің құрамына негізгі жұмыс беруші ретінде мектеп директорлары, тәжірибелі әдіскер мамандар және БББ сын бітірген түлектер қатысады.

7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның ғылыми мазмұнын жетілдіру мақсатында А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарының да пікірі ескеріледі.

Студенттер, магистранттар мен докторанттар туралы барлық ақпарат [www.pms.sdu.edu.kz](http://www.pms.sdu.edu.kz) порталында толықтай қамтылған және құпия сөзбен, жеке логинмен қорғалған. Бұл талап қызметтік нұсқаулықта көрсетілген. Әрбір қызметтік нұсқаулықтар мен кез келген тұлғаға [www.pms.sdu.edu.kz](http://www.pms.sdu.edu.kz) порталы арқылы танысуға мүмкіндік берілген. ПОҚ үшін порталға кіру паролі бөлек, ал пән бойынша баға қою паролі бөлек берілуі ақпараттық қауіпсіздікті сақтау жолдарын қамтамасыз етеді.

Университет бірегей білім беру және жайлы жұмыс ортасын қалыптастыруды мақсат тұтады. Университетте ар-намысты қорлайтын және келіспеушілік жағдайына әкелетін іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді. Білім алушылармен, қызметкерлермен әкімшілік арасында тығыз коммуникация бар, БББ басшылығы мен білім алушылардың және ПОҚ-тың арасындағы кері байланыс жүйесі реттелген.

Білім алушыларға моральдық және психикалық қысым көрсетуге жол берілмейді. ЖОО-да іскерлік және жалпы этика ережелерін сақтау үшін «Студенттердің ар-намыс кодексі» және «Оқытушылардың ар-намыс кодексі» нормативтік құжаттары негізге алынады. Әрбір қызметкер мен білімгер өздері таңдаған нысанға шағым беруге құқылы. Шағымдар түскен хабарлама контентіне байланысты түскен күннен бастап 3-7 жұмыс күні ішінде қарастырылады. Егер көрсетілген мерзім ішінде шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпарат жиналмаса, онда арызданушыға тиісті хабарлама ұсынылады. ББ шеңберінде кафедра, деканат туындаған



мәселелерді шешуге белсене араласады, шешімін таппаған жағдайлар «Тәртіпті кеңеске» жіберіледі.

Университетте туындайтын мәселелер Ішкі тәртіп ережесімен реттеледі ([https://pms.sdu.edu.kz/common/download/ishki\\_tartip.pdf](https://pms.sdu.edu.kz/common/download/ishki_tartip.pdf)).

ПОҚ, қызметкерлер және білімгерлердің Университетті басқару жүйесіне қанағаттану дәрежесін анықтау үшін оқу қызметін, әлеуметтік-тұрмыстық саланы, қызметкерлердің жалақысын және т.б. дамытуға қатысты мәселелер бойынша жүйелі түрде сауалнамалар жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері бойынша басқару жүйесіне қанағаттану дәрежесінің себептері талданады, қызмет бағыттарына сәйкес жоспарларды түзету бойынша шешімдер қабылданады.

Сауалнамаға оқытудың барлық нысандары білімгерлері қатысады. Сауалнамалардың түрлері: «СДУ студенттерінің қанағаттану деңгейі туралы сауалнама», «Курсты және оқытуды бағалау», «СДУ әкімшілік қызметкерлерінің қанағаттану деңгейі туралы сауалнама», «СДУ профессорлық-оқытушылық құрамның қанағаттану деңгейі туралы сауалнама» және т.б.

Курсты және оқытуды бағалау бойынша сауалнама әр академиялық семестрде қорытынды емтихандар алдында өткізіледі. ПОҚ, қызметкерлер құрамы және білімгерлердің қанағаттанушылық дәрежесін анықтау бойынша сауалнамалар жылына бір рет жүргізіледі, сауалнаманың қалған түрлері талап бойынша жүзеге асырылады (мысалы, «Қашықтан оқытуға дайындық тұрғысынан оқытушыларға арналған сауалнама», «СДУ студенттері арасында маркетингтік зерттеулер», «Қашықтан оқытудағы білім алушылардың тәжірибесі туралы сауалнама: ресурстардың қол жетімділігі мен СДУ білімгерлері кезіккен проблемалар», «Қашықтан оқытудағы оқытушылардың тәжірибесі туралы сауалнама: ресурстардың қол жетімділігі мен СДУ оқытушылары кезіккен проблемалар» және т.б.).

Сауалнама нәтижелері Факультет және БББ координаторына, кафедра меңгерушісіне, белгілі бір қызмет бағыттарын іске асыруға жауапты тұлғаларға ұсынылады.

Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы негізінде қызметкерді, оның ішінде ПОҚ-ты жұмысқа қабылдау кезінде Университет дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім алады. Университетке түсу кезінде білімгерлер де жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді. Егер білімгер кәмелеттік жасқа (18 жас) толмаған жағдайда, білімгерлердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге ата-анасының (заңды өкілінің) келісімі алынады.

ПОҚ құрамын ғылым саласындағы ақпараттармен университеттің ғылым департаментінің [science@sdu.edu.kz](mailto:science@sdu.edu.kz) электронды почтасы арқылы тұрақты ақпараттандырып отырады.

Түлектердің жұмысқа орналасуын талдау үшін жыл сайын оқу аяқталған кезде түлектер базасы жасалған. Бұл база түлектермен электрондық поштаға хаттар жазу және түлектерге телефон қоңырауларын шалып байланысу арқылы 3 ай сайын жаңартылады. Бұл базаны талдаудың негізгі өлшемдері жалпы жұмысқа орналасу және мамандықтар бойынша жұмысқа орналасу болып табылады. Жаңартулармен университеттің Түлектер департаменті айналысады.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіші 2018-2019 оқу жылының көрсеткішімен (76,8 %) салыстырғанда 2020- 2021 оқу жылында (85%) шамамен 9% артқан.

### *Аналитикалық бөлім*

Аккредиттелетін бағыт бойынша «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты мазмұны мен мағыналық жүктеме бойынша БББ-сын талдай отырып, комиссия университетте білімгерлерді қабылдау, үлгерім, контингенттің даму, кадрлық құрам, ПОҚ және білім аюшылардың т.б. ақпаратты басқару және есеп беру жүйесі жұмыс істейтініне және ол

университеттің, кафедралардың, ректораттың және Ғылыми кеңесінің отырыстарында тұрақты есептерде ұсынылғанына көз жеткізді.

Ұсынылған материалдар кафедра қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін қамтитын және ББ контекстінде ақпаратты жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға негізделген тұрақты есеп беру жүйесінің бар екенін растайды (оның ішінде <https://pms.sdu.edu.kz> - қызметкерлерге арналған портал, <https://my.sdu.edu.kz> - білімгерлерге арналған портал, <https://dms.sdu.edu.kz> - құжаттарды басқару жүйесі) Университетте құжаттарды басқару жүйесі (DMS) жүйесі толық нұсқада жұмыс істейді, сондай-ақ ақпаратты басқару процесін өзіндік бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленіп, енгізілді.

*Ақпарат пен есептілікті басқару процесін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін университет сайтының сапалы және толық мазмұнына айқындай отырып, комиссия сайттың белсенді жұмыс жасайтынын және ақпаратты табудың оңтайлы әдісін қолданатынын атап өтеді. Дегенмен, білім алушылар контингентінің артуына ықпал ету және де мектеп, колледж немесе ЖОО түлектері үшін ақпараттық маңызы бар мәселелерді сайт арқылы уақытында жариялауды назарда ұстау уақыт талабы екенін ескере, ССК БББ дамыту жоспарларына білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін айқындатын іс-шаралар ұйымдастыруды енгізу орынды екенін ескереді.*

#### **Мықты жақтары**

Университеттегі білім сапасының деңгейін арттыру мақсатында студенттер, магистранттар мен докторанттардан алынған сауалнама талданып, нәтижелері ББ мазмұнын жақсартуда ескеріледі.

БББ аясында құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды көрсететін тұрақты есептілік жүйесі бар.

eBA құжат айналымы (HR, IT, Ғылым, Академ, Үздіксіз білім беру, Бухгалтерия, т.б) және жұмыс үдерісін басқару жүйесі жолға қойылған.

#### **ССК ұсынысы:**

БББ дамыту жоспарларына білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін айқындатын іс-шаралар ұйымдастыруды енгізу, ақпараттық маңызы бар мәселелерді сайт арқылы уақытында жариялау.

**«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ 3 мықты, 13 қанағаттанарлық, 1 жақсартуды талап ететін жақтары анықталды;**

**7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ 2 мықты, 14 қанағаттанарлық, 1 жақсартуды талап ететін жақтары анықталды.**

### **6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты Дәлелдеу бөлімі**

Сулейман Демирель атындағы университетте 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша бүкіл штаттың (оның ішінде шақырылған ПОҚ) кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын объективті және ашық кадр саясаты қамтамасыз етілген. Ішкі ережелер университеттің әрбір қызметкеріне қол жетімді PMS (Personal information system) электрондық порталына қойылған.

БББ профессор-оқытушылық құрамын қалыптастыру кезінде шешім қабылдаудың ашықтығы СДУ қызметкерлерін жұмысқа қабылдау ережелерімен реттелген, оған сәйкес бос лауазымдарға конкурс жарияланатындығын айтуға болады. Бос орындар туралы ақпарат университеттің барлық ақпараттық көздерінде жарияланып отырады. Келесі кезеңде бос лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, бөлімшелерде кандидаттарды алдын-ала қарау және басшылардан ұсыныстар алу, ұсынылған құжаттар мен оларды тексеру арқылы жүзеге асырылған. Алғашқы әңгімелесуден өткен үміткер конкурстық комиссия мүшелері үшін «Демо сабақ» өткізіп, конкурстық комиссияның оң бағасын алған үміткер штаттық кестеге және сынақ мерзімімен жалақы кестесіне сәйкес жұмысқа қабылданатындығын атап өтуге болады. Жоғарыда аталған ережелер мен рәсімдер білікті оқытушылар құрамын қалыптастыру үдерістерінің объективтілігі мен ашықтығын, олардың дамуы мен мансаптық өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Университет оқытушысының құзыреттілік моделі "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына" негізделіп, "Teaching Position, Teaching and Research Position" оқытушылық позициясының ерекше түрлері бекітілген.

ПОҚ жүктемесінің көлемі ғылыми дәрежесіне немесе Teacher researcher -T+R бағытында жұмыс істеуіне байланысты өзгереді. Докторантура деңгейіне сай 8D01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ-да дәріс оқитын ғылыми әлеуеті жоғары оқытушылардың жұмыс жасау үдерістерінің ауқымдылығына байланысты Teacher researche позициясы ұсынылған. ([https://pms.sdu.edu.kz/common/download/working\\_guide.pdf](https://pms.sdu.edu.kz/common/download/working_guide.pdf)).

7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның төмендегі оқытушылары да Teacher research позициясымен жұмыс жасайтынын құжаттар растады:

2019-2020 оқу жылында ф.ғ.д., кауым.проф. М.С.Жолшева, п.ғ.к., кауым.проф. Ш.Л.Ерхожина, п.ғ.к., доцент Б.Д.Жұмакаева, ф.ғ.к., кауым.проф. Х.А.Ордабекова, PhD., ассис.проф. Ж.М.Дүйсебекова;

2020-2021 оқу жылында п.ғ.к., кауым.проф. Ш.Л.Ерхожина, п.ғ.к., доцент Б.Д.Жұмакаева, PhD., ассис.проф. Ж.М.Дүйсебекова.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ оқытушыларының біліктілігі, олардың сандық құрамы бакалавриат, магистратура мен докторантура ББ (PhD) даярлау бағыттарына сәйкес келеді және лицензиялық талаптарға жауап беретінін көрсетті. ПОҚ-қа қойылатын біліктілік талаптары лауазымдық нұсқаулықтарда, ережелерде, ішкі тәртіптің құжатталған рәсімдерінде айқындалған. БББ-ға сәйкес штаттағы профессор-оқытушылар құрамы:

Ғылым докторы -1, ғылым кандидаты/PhD - 7, ғылым магистрі - 3.

B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ ПОҚ-тың сандық-сапалық көрсеткіші

| ББ                                   | Орташ ажасы | ПОҚ саны | Штат - тағы ПОҚ | Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ |               |                             |                   |
|--------------------------------------|-------------|----------|-----------------|-------------------------|---------------|-----------------------------|-------------------|
|                                      |             |          |                 | Штаттағы                | Ғылым докторы | Ғылым кандидаты/ доктор PhD | Дәрежелену пайызы |
| 6B01701<br>Қазақ тілі және әдебиеті» | 43          | 13       | 11              | 9                       | 1             | 8                           | 69%               |
| 7M01701<br>Қазақ тілі және әдебиеті  | 44          | 12       | 11              | 9                       | 1             | 8                           | 69%               |
| 8D01701<br>Қазақ тілі және әдебиеті  | 53          | 5        | 4               | 4                       | 1             | 3                           | 100%              |

7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ басымдығы мынада:

- СДУ-ды бітірген түлектерге мамандығы бойынша магистратурада білім алуға түрлі жеңілдіктер қарастырылған;
- магистранттар шетелдік ЖОО-да тағылымдамадан өте алады (<https://pms.sdu.edu.kz/common/download/PhD.pdf>);
- Білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылық құрамы шетелдік симпозиум, конференцияларда жасаған баяндамаларын магистратурадағы дәріс мазмұнына кіріктірілген;
- магистранттар қазақ, түрік, ағылшын тілдерін жетік меңгергендіктен, халықаралық ғылыми жобаларға, конкурстарға қатысқан;
- БББ-ны бітірген түлектер жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде қызмет атқарған.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ профессорлық-оқытушылар құрамын біліктілік арттыру мақсатында Сулейман Демирель университетінде, Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарының базасында, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығында, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, «Өрлеу» БАҰО, «Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығында, «Ұстаз» біліктілік арттыру орталықтарымен біліктілік арттыру курстары мен семинарларға тұрақты түрде қатысқанын құжаттар растады.

БББ-ның профессор-оқытушылық құрамы өз саласындағы ғалымдармен пікір алмасу, өз идеяларын ортаға салу мақсатында Республикалық және Халықаралық конференцияларға жиі қатысатынын құжаттар растады [https://drive.google.com/drive/folders/1WkDNXDdvYk7ZuaS8NVtG4cxAMTA\\_fgPd?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1WkDNXDdvYk7ZuaS8NVtG4cxAMTA_fgPd?usp=sharing).

6B01701/7M01701/8D01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» ББ координаторы мен кафедра меңгерушісі тарапынан жас мамандардың PhD диссертация қорғауына және олардың кәсіби әлеуетіне қарай карьерлік өсуіне қолдау көрсетуде.

2020 жылы Ж.М.Дүйсебекова PhD дәрежесін алып, 2021 жыл тамыз айының 27-нен №296 бұйрық негізінде Мультидисциплинарлық білім беру орталығының директорлығына

тағайындалған

([https://drive.google.com/file/d/1LwtIDNO\\_ReK-gzMJtUVXilFYCG9isctS/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1LwtIDNO_ReK-gzMJtUVXilFYCG9isctS/view?usp=sharing)).

2020 жылдың маусым айында 8D01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» ББ докторанттары Г.Н.Нұрманова мен Ғ.Н.Отарбаева PhD дәрежесін алу мақсатында жазған диссертацияларын кафедра алдын ала қорғаудан өткізген [https://drive.google.com/file/d/1rDzhWYU3SI2D2eZ2I\\_DTcT\\_WrsS0sgNY/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1rDzhWYU3SI2D2eZ2I_DTcT_WrsS0sgNY/view?usp=sharing).

Педагогикалық ұжымның ағылшын тілін меңгеру деңгейін үнемі жоғарылатуға ынталандыру мақсатында тестілеуден өткен және ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат (IELTS, TOEFL) алған оқытушылар құрамының жалақысына 15000-90000 теңге мөлшерінде үстемақы қосылуы Сулейман Демирель атындағы университеттің көп тілді білім беру нарығындағы сұранысын арттыра түсетінін көрсетеді.

ББ-ның WebEx (onlinesdu.webex.com), Moodle (<https://moodle.sdu.edu.kz>), Google Meet, Google Classroom сияқты платформалармен жұмыс істеу дағдыларын жоғары деңгейде меңгерген. Сулейман Демирель атындағы университеттің ішкі порталымен, Turnitin платформасымен, құжат айналымы жүйесімен DMS (<https://dms.sdu.edu.kz/>), пайдаланушылардың ішкі техникалық сұраныстарына қызмет көрсетуге арналған университеттің бірыңғай байланыс нүктесін күнделікті жұмыс ағымында қолданатындығын байқатты.

ББ профессорлық-оқытушылық құрамы оқыту үдерісінде АКТ мүмкіндіктерін кешенді қолданумен қатар мектеп мұғалімдеріне біліктілікті арттыру семинарлары және шеберлік сабақтары өткізілген. Мысалы, 2021 жылдың 29 наурыз – 2 сәуір аралығында «[Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы цифрлық трансформация](#)» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылған.

Университет профессорлары Thomson Reuters және Scopus импакт-факторы нөлдік емес журналдарда мақалалар жариялаған <https://drive.google.com/file/d/144LrRyp7W3gGL6QIoCVu3Fp28hFSIWUM/view?usp=sharing>.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы ғылыми тәжірибе алмасу, ғылыми қызметкердің біліктілігін, кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін көрсету мақсатында тұрақты түрде халықаралық тағылымдамаларға барып тәжірибе алмасқан.

ББ-да профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы төңірегінде өзара тиімді ынтымақтастық жөніндегі келісімшарттары келесі шетел университеттерімен жасалған: Түркия, Қытай, Қырғызстан, Чехия, Польша, Грузия, Германия, Корея, Ресей, Өзбекстан, Босния және Герцеговина. Жасалған ынтымақтастық келісімдердің нысаны серіктес жоғары оқу орындары арасындағы білім және ғылым саласында студенттердің, магистранттардың докторанттардың және оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз еткен:

- 27.05.2017 - 04.06.2017 жыл. М.С.Жолшаева, Санкт-Петербург, Институт иностранных языков ;

- 03.04.2018- 16.05.2018 жыл. Б. Д. Жұмақаева Чехия, Прага Карлов университеті.

- 03-17 мамыр, 2018 жылы. Б. Д. Керімбекова, Корея, Сеулдегі Ханкук университеті.

- 30.10 - 09.12.2020 жылы. Ш.Л. Ерхожина Санкт-Петербург, Шетел тілдері

институтынан тағылымнамадан өтті

([https://drive.google.com/drive/folders/1hsC4i8eqrZFRh1\\_4Vog6wbRjb3yDeboT?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1hsC4i8eqrZFRh1_4Vog6wbRjb3yDeboT?usp=sharing)).

16.04.2018-30.04.2018 жж ф.ғ.к., доцент Х Ордабекова Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырды.

БББ оқытушылары Білім және Ғылым министрлігі ұсынысымен шығарылған мектеп оқулықтарын, тереңдетілген мектеп оқу бағдарламасын, факультативтік сабақтар бағдарламасын құрастыруда, Қазтест орталығында тест әзірлеуде, сараптауда, т.б. үдерістерге белсене араласады.

ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік еңбектерін бағалау үшін университетте қаламақы жүйесі енгізілген. ПОҚ-тың жарияланған ғылыми мақалаларын қаламақыға ұсыну негізінде ПОҚ-тың кәсіби және жеке дамуына ынталандыру жұмыстары жолға қойылған. Байқауға ұсынылатын еңбектер кафедра талқылауынан өтіп, факультет кеңесіне ұсынылып «Академиялық қолдау көрсету Ережесіне» сәйкес ПОҚ-тың шетелдік конференцияларға бару үшін жұмсайтын қаражатының ішінде жол ақысы басқару кеңестің шешімімен төленетіндігін құжаттар растады.

ББ оқытушылары арасынан 5 оқытушы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алған үздік мамандар да бар ([https://drive.google.com/drive/folders/1MDJN1bJ0sEHC1jF6i-NYjK\\_1IZ7q7D8s?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1MDJN1bJ0sEHC1jF6i-NYjK_1IZ7q7D8s?usp=sharing)).

БББ оқытушылары Білім және Ғылым министрлігі ұсынысымен шығарылған мектеп оқулықтарын, тереңдетілген мектеп оқу бағдарламасын, факультативтік сабақтар бағдарламасын құрастыру жұмыстарын жасауға, Қазтест орталығында тест әзірлеуге, сараптауға, т.б. үдерістерге белсене араласатынын баса айтқан жөн.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның профессор-оқытушылық құрамының ғылыми әлеуеті жоғары. Ғалымдар тарапынан бірнеше монографиялар жазылған.

#### *Аналитикалық бөлім*

Сулейман Демирел Университеті Тілдік білім беру кафедрасының қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға негіз бар. БББ жүзеге асыратын ПОҚ жоғары оқу орнының даму стратегиясын жүзеге асыруға жан-жақты үлес қосады. Университет ғылыми қызмет пен білімнің интеграциясын, оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды ынталандырып отырады. Ол КРІ жүйесін жетілдіруде көрініс тапқан.

Кафедраның профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігі БББ бейіні мен оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Университет ашық кадр саясатын жүргізуде объективтілікті ұстанады. Оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби дамуына қажетті жағдай жасалған. Профессорлық-оқытушы штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету бағытындағы кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын БББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты жүргізіледі.

*ССК Университет және БББ басшылығына ПОҚ оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу, енгізу, өздерінің жалпыға арналған ашық оқу курстарын (MOOCs) дайындау бағытындағы жұмыстарын белсенді ұйымдастыруды ескертеді.*

*Сауалнама қорытындысына сай академиялық ұтқырлық бойынша Университеттің атқарып жатқан жұмысын оқытушылардың 45,8% «өте жақсы», 50,3% «жақсы» деп көрсетулеріне, бағаланып жатқан БББ профессор-оқытушылық құрамының шетелдік байланыстары мен ішкі академиялық ұтқырлығы жолға қойылғанына қарамастан, осы бағыттағы көрсеткіштер динамикасы айқын байқала қоймады.*

#### **Мықты жақтары**

Ғылыми мақалалар, монографиялар, оқу құралдары, электронды оқулықтар шығаруда өзінің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін көрсететін ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын оқытушыларға жан-жақты қолдау көрсетілген, СДУ Ережесіне негізделіп қаламақы, арнайы сертификаттары бар оқытушыларға үстемеақы төленеді.

ПОҚ жүктемесінің көлемі ғылыми дәрежесіне немесе Teacher researcher -T+R бағытында жұмыс істеуіне байланысты реттеліп, ғылыми әлеуеті жоғары оқытушылардың жұмыс жасауына жағдай жасалған.

#### **ССК ұсынысы:**

Профессор-оқытушылық құрамының шетелдік байланыстары мен ішкі академиялық ұтқырлығы көрсеткіштерін БББ дамыту жоспарына 2022-2023 оқу жылының басына дейін нақтылау.

Профессор-оқытушылық құрамының оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу, енгізу, өздерінің жалпыға арналған ашық оқу курстарын (MOOCs) дайындау бағытындағы жұмыстарын БББ дамыту жоспарына енгізу. Орындау мерзімі 2023-2024 оқу жылынан кеш емес.

***«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ 2 мықты, 8 қанағаттанарлық жақтары анықталды.***

#### **6.8. «Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты Дәлелдеу бөлімі**

Сулейман Демирель атындағы университетте 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ білім алушыларына кәсіби өсу және тұлғалық даму үшін де барлық жағдай жасалған. Білім беру бағдарламалары білім алушылардың болашақ мамандығына қажетті барлық дағдыларды меңгертуіне, ғылыми әлеуетін көтеруге алған теориялық білімін практикада қолдана алуға бағытталған. Барлық материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстар университеттің қызметіне, миссиясына, көзқарасына, стратегиясына сәйкес келеді және студенттерді білім беру ресурстарымен қамтамасыз етеді. Білім беру ресурстарын бөлу және жоспарлау кезінде университет студенттердің әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.

Әрбір білім алушы оқыту үдерісінің барлық кезеңінде төмендегідей ақпараттық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етілген:

- университеттің ресми сайты;
- ғылыми кітапхана;
- электронды кітапхана.
- оқу процесін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешені.
- E-Learning қашықтықтан оқыту жүйесі.

Қазақ тілі және әдебиеті БББ студенттері, магистранттары мен докторанттарына ғылыми-зерттеу жұмыстары, электронды оқулықтар қолжетімді. Заманауи кітапхана және оқу залы оқу-әдістемелік құралдармен, әдістемелік материалдармен жабдықталған зал оқудың барлық бағыттары бойынша студенттердің аудиториялық және өзіндік жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Университеттің кітапханасында әр факультет үшін пәндік кітапханашылар тобы құрылған. Пәндік кітапханашылар кітапхана қорын қолдау және дамыту, факультеттер кафедраларымен байланыс орнату үшін жауап беретінін баса атап өтуге болады.

Сулейман Демирель атындағы университеттің оқу ғимаратында бағдарламаға сәйкес білім алатын студенттерге түрлі пәндер бойынша дәріс пен практикалық сабақтар оқитын 58 оқу кабинеті бар: оның ішінде түрлі сабақтарды оқуға ыңғайлы жабдықталған 12 аудитория, теориялық сабақтарға арналған 8 дәріс залы мен әр түрлі пәндер бойынша дәрістер; лингофон кабинеті мен компьютерлік сыныптар бар.

Оқыту үдерісі аудиториялық жұмыспен шектелмейді. Білім алушыларға практикалық сабақтарды өткізуге арналған факультетке тиісті “Көптілді инновациялық білім беру” орталығы бар.

2021 жылы БББ оқытушылары және Мультидисциплинарлық білім беру орталығы бірлесе отырып, ф.ғ.д., профессор, академик Әлімхан Жүнісбек атындағы зертхана-аудитория ашқан. Зертхана-аудитория жұмысына университет және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қадағалап, қолдау көрсетеді. Аудиторияда “Қазіргі қазақ тілі фонетикасы және орфографиясы” және латын әліпбиін меңгертуге қатысты дәрістер, семинарлар т.б. ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізіледі.

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның оқу және ғылыми әдебиеттері туралы мәлімет кестеде көрсетілген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ұлттық аударма бюросынан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша қазақ тіліне аударылған кітаптар алынған.

Электронды ақпараттық ресурстар [Ғылыми кітапхананың сайты](#) арқылы қолжетімді. Пайдаланушылар [электронды каталогта](#) сілтеме бойынша қажетті әдебиеттерге тапсырыс бере алады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының, дипломдық/диссертациялық жұмыстарын плагиатқа тексеру [Turnitin](#) антиплагиат жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультетінде білім алушылардың дипломдық/диссертациялық жұмыстарының түпнұсқалығы 80%-ды құрайды. 2020-2021 оқу жылында 6B01701/7M01701/8D01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім алушылары Moodle жүйесінде ашылған [арнайы сілтеме](#) арқылы зерттеу жұмыстарың антиплагиаттан өткізген (<https://drive.google.com/file/d/1sWezqtcmV7UJgKk6SQkdNTBERToVEYsz/view?usp=sharing>).

Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы [электрондық кітапханаға](#), [Виртуалды Ғылыми кітапханаға](#) қолжетімді, онда оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың, мақалалардың электрондық каталогтары мен толық мәтіндік дерекқорлары ұсынылған.

Университетте 6 ғылыми орталық, 5 зертхана жұмыс істейді. Ғылыми орталық терминология, салыстырмалы әдебиет, түркі әлемінің ортақ мәдени құндылықтары сияқты Түркітанудың ортақ мәселелері негізінде тіл және әдебиет саласындағы зерттеулер жүргізеді. Орталықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға БББ оқытушылары қатысады.

Сулейман Демирель атындағы университетте оқу-техникалық жабдықтар оқу бағдарламаларына сәйкес білімді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ның оқу бағдарламасындағы «Білім берудегі цифрлық технологиялар» пәні «Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультетіне тиісті Е блок, 108-кабинетінде («Машиналық оқыту») өткізілетінін атап өтуге болады

([https://docs.google.com/document/d/1An7sulOfiRfQFNvokErXUCtuJlcZ\\_YfRRh2kUAtlg74/edit?usp=sharing](https://docs.google.com/document/d/1An7sulOfiRfQFNvokErXUCtuJlcZ_YfRRh2kUAtlg74/edit?usp=sharing)).

Факультетке тиісті аудиториялар компьютерлермен, проекторлармен, теледидарлармен толық қамтамасыз етілген.

БББ қатысты барлық іс-шаралар туралы ақпарат <https://sdu.edu.kz> ресми сайтында, әлеуметтік желілерде @edufaculty\_sdu жарияланады. Университетте студенттерге академиялық қолдау, психологиялық қолдау және әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Б ББ білім алушыларына сабақ кестесін өздері жасауына мүмкіндік берілген. Студенттер үшін <https://my.sdu.edu.kz> порталы жұмыс жасайды. Порталда ұсынылған курстар, транскрипт, онлайн өтініштер, оқу ақысы туралы есеп, сабақ кестесі және хабарландырулар беріліп отыратындығын атап өтуге болады.

### ***Аналитикалық бөлім***

Сулейман Демирель атындағы БББ білім алушыларына кәсіби өсу және тұлғалық даму үшін де барлық жағдай жасалған. Білім беру бағдарламалары білім алушылардың болашақ мамандығына қажетті барлық дағдыларды меңгертуіне, ғылыми әлеуетін көтеруге алған теориялық білімін практикада қолдана алуға бағытталған. Барлық материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстар университеттің қызметіне, миссиясына, көзқарасына, стратегиясына сәйкес келеді және студенттерді білім беру ресурстарымен қамтамасыз етілген.

«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ студенттері, магистранттары мен докторанттарына ғылыми-зерттеу жұмыстары, электронды оқулықтар қолжетімді. Заманауи кітапхана және оқу залы оқу-әдістемелік құралдармен, әдістемелік материалдармен жабдықталған зал оқудың барлық бағыттары бойынша студенттердің аудиториялық және өзіндік жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік берген.

ССК жұмысы аясында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың 70,0 % кітапхана қорының қолжетімділігіне толықтай қанағаттанса, 19,9 % - қанағаттанып және 2,8% қанағаттанбайтындарын білдірді. Білім алушылардың 81,3 % кітапхана мен оқу залдарында көрсетілетін жағдай толықтай қанағаттанады. Полную удовлетворенностью существующими учебными ресурсами вуза отметили Сауалнамаға қатысушылардың 70,4% оқу қорына қатағаттанарлықтарын, 23,3% – жартылай қанағаттанатындарын білдірді. Компьютерлік класс және ғаламтор ресурстарына білім алушылардың 63,6% қанағаттанатындарын, 24,8% – жартылай қанағаттанса, 2,6% – қанағаттанбайтындарын атап өтті.

ССК 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ білім алушыларының бойынша зертханалар жұмысын жандандыру ұсынылады.

Сонымен қатар, Университет пен БББ басшылығына білім алудың ерекше жағдайының болуын талап ететін тұлғаларды материалдық-техникалық ресурс және инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, шектеусіз орта (арнайы жабдықталған оқу кабинеттері, практикалық жұмыс жасау объектілері, лифт және т.б.) құруды ерекше назарда ұстау қажеттігін айта кетуде.

### ***Мықты жақтары***

БББ бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті. Электронды ақпараттық ресурстар Ғылыми кітапхананың сайты арқылы қолжетімді.

### ***ССК ұсынысы:***

Қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етулер сапасын жұмыс берушелердің талаптарын ескере отырып жыл сайын талдап, жаңартуды ұйымдастыру.

Ерекше жағдайының болуын талап ететін тұлғалар үшін материалдық-техникалық ресурс және инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің жол картасын әзірлеп іске асыру.

БББ бойынша зертханалар жұмысын жандандыру ұсынылады.



*«Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ 1 мықты, 11 қанағаттанарлық және 1 жақсартуды талаптетін жақтары анықталды.*

## **6.9 «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты**

### ***Дәлелдеу бөлімі***

Сулеймен Демирел университетінің қоғамды ақпараттандыруы заңның шеңберінен аспай, сенімділік, ашықтық пен қолжетімділік, тиімділік, қауіпсіздік, айқындық, динамизм, нәтижелілік сияқты іргелі қағидаттарды негізге ала отырып, жүзеге асырылады. Қоғамды ақпараттандыру үдерісі бірнеше ішкі құжаттармен реттеледі: Ақпараттық саясат ережелері [https://pms.sdu.edu.kz/common/download/information\\_policy.pdf](https://pms.sdu.edu.kz/common/download/information_policy.pdf) және Сулейман Демирель университетінің Бренд кітапшасы.

Сулейман Демирель университеті мақсаттары, міндеттері мен миссиясы туралы ақпаратты ашық жариялаған. Университеттің миссиясы ресми сайттың басты бетінде көрсетілген. "Университет туралы" бөлімінде Даму стратегиясы, Ректораттың, Ғылыми және Әкімшілік кеңестің құрамы, сондай-ақ қызметкерлер туралы ақпарат берілген. «Талапкерлерге» бөлімінде оқуға түсу үдерісіне қатысты барлық қажетті ақпарат көрсетілген. "Факультеттер" бөлімінде әрбір факультет бойынша ақпараттар, кафедра меңгерушілері мен координатордың байланыс деректер, сондай-ақ БББ-ның толық сипаттамасын да көруге болады. Студенттерге қатысты мағлұматтар "Студенттер" бөлімінде орналастырылған. Қолданыстағы Департаменттер туралы ақпарат «Департаменттер» бөлімінде көрсетілген.

Университеттің ресми веб-сайтында ([Университеттің ресми сайты](#)), Instagram, [Facebook](#), [ВКонтакте](#), Telegram, [Youtube](#) әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарда, сондай-ақ сыртқы контактілерге email арқылы ақпарат таратылады. Ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

Жыл сайын қабылдау комиссиясының жұмысы барысында да әлеуметтік медиа арналарында 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ туралы ақпарат жарияланып, университетке келген талапкерлерге ақпарат қамтылған ресми кітапша (буклет) таратылып отырады. Бағдарламалар туралы ақпарат талапкерлерді ақпараттандыру мақсатында дайындалған буклетте көрсетілген. БББ бойынша берілетін біліктілік туралы ақпарат барлық арналар бойынша бағдарламаны сипаттау кезінде көрсетілген.

Білім беру гранттарындағы бос орындар, іріктеу критерийлері мен үміткерлер туралы ақпарат ресми веб-сайтта «Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы» бөлімінде, сондай-ақ веб-сайттың басты бетіндегі жаңалықтарда көрсетілген. Гранттағы бос орындар туралы жаңартылған ақпарат әлеуметтік желілерде де жарияланады [https://www.instagram.com/p/CV2IRn2t0ad/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CV2IRn2t0ad/?utm_medium=copy_link).

Сулейман Демирель университетінің Карьера және кәсіби даму департаменті жұмыс беруші мен жұмысқа үміткерлердің басын қосатын Career Day іс-шарасы өткізілген <https://clck.ru/ZLMKM>.

БББ-да білім беру мекемелерімен атқарылатын жұмыс жақсы жолға қойылған. Жұмыс берушілерді жүйелі түрде тарту үшін Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультетінде «Edu Career» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығын құжаттар растады. «Edu Career» бағдарламасы шарттарына сәйкес студенттер оқудың бағдарламасының соңғы екі семестрінде

білім беру мекемесінде тәжірибе жинақтап, әрі қарай жұмысқа орналаса алады. Аталған бағдарлама бойынша 2020-2021 оқу жылында 5 студент, 2021-2022 оқу жылында 30 студент үшжақты келісімшарт жасалған.

Қоғамды ақпараттандыру мақсатында 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ тарапынан іс-шаралар атқарылған. Атап айтар болсақ:

- Білім берудің әртүрлі аспектілері туралы сұхбат пен жазбаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ([Жүйесіз түзілім, қисынсыз бағдарлама, \(Үстаздың уақытын ұрламау керек, PhD: Scopus & Web of Science\)](#));

- Баспасөз конференциялары, брифингтер, пресс-турлар өткізілген ([«Харекет» әрекетке шақырады](#));

- БББ-дағы жетекші мамандары сарапшы және спикер ретінде өзекті тақырыптарды талқылау үшін әртүрлі медиа платформаларға қатысқан ([«Қалыптан шықпау» үрдісі саналарына сіңіп алған, БІЗ МЕТАМОДЕРНИЗМГЕ АЯҚ БАСЫП КЕЛЕМІЗ](#)).

БББ білім алушыларының жетістіктері туралы ақпараттар да БАҚ-та жарияланған. «Жастар жылы» аясында 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ-ны студенттер тобы кафедра оқытушысы Қанат Ибрагимовтың жетекшілігімен әртүрлі жанрдағы бес әдеби жинақ шығарып (повестер, әңгімелер, посттар, новеллалар, фантастикалық шығармалар және т.б) және осыған байланысты БАҚ құралдарында бірнеше мақала жариялаған.

Сулейман Демирель университетінің YouTube видео хостингіндегі ресми аккаунты (қазіргі уақытта 2200 + тұрақты көрермендері бар).

- Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми аккаунт бар.

- Instagram-дың ресми арнасы (50000 жазылушысы бар ықтимал талапкерлер мен студенттер аудиториясы бар) .

- Сулеймен Демирель атындағы университеттің жекелеген факультеттері мен департаменттерінің: Ғылыми кітапхананың, Ғылым департаментінің, Әлеуметтік даму департаментінің, Халықаралық қатынастар департаментінің және т.б. әлеуметтік медиадағы ресми аккаунттары бар.

БББ координаторы да Instagram әлеуметтік желісінде жаңалықтармен бөлісіп отырады. Бағдарламаның ресми Instagram аккаунты корпоративтік стильді ұстанған және Сулейман Демирель университетінің бренд өкілдігіне қайшы келмейді. БББ ресми Instagram аккаунты қазақ тілінде жұмыс істейтіндігін баса айтуға болады. Бағдарламаның ресми Instagram аккаунтының қазіргі уақытта 1000+ тұрақты жазылушысы бар.

Сулейман Демирель атындағы университет «СДУ бюллетені» және «Пәнаралық ғылымдардағы жетістіктер» ғылыми журналдарын шығарып, ПОҚ мен БББ-ның білім алушылары аталмыш журналдарға мақалаларын тұрақты түрде жариялап тұратындығын құжаттар растады.

Сулейман Демирель атындағы университеттің студенттері мен қызметкерлерінің ғылыми жаңалықтары мен серіктестігі туралы жарияланымдар республикалық "Егемен Қазақстан" газетінің ресми сайтында жарияланған және мына сілтеме бойынша орналастырылған: ([сілтеме](#)).

Сулейман Демирель атындағы университет қазақстандық және халықаралық ұйымдармен ғылыми, шығармашылық және корпоративтік байланыс құруды қолдайтындығын ерекше атап өтуге болады.

2017-2018 оқу жылында алыс және жақын шетелдердің Швеция, Корея, Литва, Германия, Малайзия, Польша, Сербия, Ресей, Өзбекстан, АҚШ сияқты университеттерімен

ынтымақтастық туралы 12 келісімге қол қойылып, бұл алмасу бағдарламасы бойынша 52 студенттің шетелде білім алуына мүмкіндік берілген.

2018-2019 оқу жылында серіктес университеттердің саны 12 құраған және 77 студент шетелде оқуын жалғастырған.

2019-2020 жылдары шетелдік жоғары оқу орындарының 4 студенті алмасу бағдарламасы бойынша Сулейман Демирель атындағы университетте 1 семестр өткізген.

2019-2020 оқу жылында халықаралық қатынастар кеңсесі 13 университетпен ынтымақтастық туралы келісімге жасалып, 63 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алған.

### *Аналитикалық бөлім*

Университет 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламаларын «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты өлшемдерінің (критерий) орындалуы бойынша өзіндік бағалау нәтижелері негізінде талап етілген деңгейде жүзеге асыруда. ОП басшылығы ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін, оның ішінде БАҚ-тарды, ақпараттық және әлеуметтік желілерді кең жұртшылық пен мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін пайдаланады.

БББ басшылығы оған қызығушылық танытып отырған қоғам мен жекелеген тұлғаларды ақпараттық жүйелер арқылы жан-жақты хабардар ету үшін университеттегі әртүрлі веб-сайттармен қатар Республикалық БАҚ және түрлі электронды сайттардың апараттық көздерін де ұтымды қолданады. Осыған орай ББ ерекшелігінен қоғамды хабардар ету мақсатында кафедраның оқытушы профессорлар құрамы мен басшылығы көптеген Республикалық газеттер мен сайттарда мақала жариялап, сұхбаттар беріп келеді. АРТА ССК сапары барысында білім алушыларға сауалнама жүргізу нәтижесінде білім алушылар, ББ және академиялық дәрежелер туралы ақпараттандырылуымен қанағаттану дәрежесінің 100 % екендігін көрсетті.

Сонымен қатар Facebook, Instagram, ВКонтакте сияқты әлеуметтік желілерде де СДУ қызметін барынша жан-жақты насихаттауға баса назар аударылуда. Оларда ЖОО сайтына қараушыларды ұтымды түрде тартумен қатар жасалған түсініктемелер (комментарий) арқылы аудиторияның сайтқа деген қызығушылығын қадағалауға мүмкіндік туып отыр.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандартының өлшемдерін (критерий) саралай келіп, университет және оның құрылымдарының қызметіне қатысты интернет сайттар өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынылатын ақпарат көздерін әлі де толықтыру қажет деген қорытынды жасауға болады.

### *Мықты жақтары*

Сулейман Демирель университетінің Карьера және кәсіби даму департаменті жұмыс беруші мен жұмысқа үміткерлердің басын қосатын Career Day іс-шарасының тұрақты өткізу жолға қойылған.

БББ докторанты Қ.Ибрагимовтың жетекшілігімен БББ студенттерінің жарық көрген жинақтарының болуы, оған байланысты Республикалық БАҚ-та арқылы жариялануы.

### *ССК ұсынысы:*

Кафедра сайтында БББ қызметі мен ерекшелігі туралы, соның ішінде колдау жүйесі, оқу нәтижелері мен кәсіби біліктілік беру туралы толық объективті ақпарат орналастырылу.

ЖОО БББ аудиттелген қаржылық есептілігін өзінің веб-ресурсында жариялау.

*«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиет БББ 1 мықты, 9 қанағаттанарлық, 2 жақсартуды талап ететін жақтары анықталды.*

## **(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ**

### ***«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты***

БББ даму жоспары, оқу бағдарламасы қоғамның сұранысын қанағаттандыруды мақсат етеді.

Ақылдастық кеңестің, түлектердің, білім алушылардың, ПОҚ-тың, басқа да мүдделі тұлғалардың ұсыныс, пікірлерін ескеру арқылы ББ әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз еткен.

БББ аясында оқытушылардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу жолға қойылған.

### ***«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты***

Университеттегі білім сапасының деңгейін арттыру мақсатында студенттер, магистранттар мен докторанттардан алынған сауалнама талданып, нәтижелері ББ мазмұнын жақсартуда ескеріледі.

БББ аясында құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды көрсететін тұрақты есептілік жүйесі бар.

eBA құжат айналымы (HR, IT, Ғылым, Академ, Үздіксіз білім беру, Бухгалтерия, т.б) және жұмыс үдерісін басқару жүйесі жолға қойылған.

### ***«Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты***

ПОҚ ғылыми-педагогикалық жұмысына мониторинг кафедра, факультет және университет деңгейінде жүргізілетіндігі.

### ***«Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімдерін бағалау» стандарты***

Білім алушыларды өз саласындағы танымал ғалымдармен таныстыру, ғылымға қызығушылықтарын арттыру мақсатында қонақ-дәрістер ұйымдастырылған.

Университет жанындағы Үздіксіз білім беру орталығында (Continuing Education Center) тіл үйрену курсына деңгейін арттыруға жағдай жасалған.

### ***«Білім алушылар» стандарты***

БББ бойынша Академиялық сыртқы ұтқырлық пен докторанттардың шетелдік тағлымдамасы тиімді ұйымдастырылған.

Білім алушылардың талантарын ашуға, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары жақсы жолға қойылған.

### ***«Профессор - оқытушылар құрамы» стандарты***

Ғылыми мақалалар, монографиялар, оқу құралдары, электронды оқулықтар шығаруда өзінің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін көрсететін ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын оқытушыларға жан-жақты қолдау көрсетілген, СДУ Ережесіне негізделіп қаламақы, арнайы сертификаттары бар оқытушыларға үстемеақы төленеді.

ПОҚ жүктемесінің көлемі ғылыми дәрежесіне немесе Teacher researcher -T+R бағытында жұмыс істеуіне байланысты реттеліп, ғылыми әлеуеті жоғары оқытушылардың жұмыс жасауына жағдай жасалған.

*«Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты*

БББ бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті.

Электронды ақпараттық ресурстар Ғылыми кітапхананың сайты арқылы қолжетімді.

*«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты*

Сулейман Демирель университетінің Карьера және кәсіби даму департаменті жұмыс беруші мен жұмысқа үміткерлердің басын қосатын Career Day іс-шарасының тұрақты өткізу жолға қойылған.

БББ докторанты Қ.Ибрагимовтың жетекшілігімен БББ студенттерінің жарық көрген жинақтарының болуы, оған байланысты Республикалық БАҚ-та арқылы жариялануы.

## **(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ**

*«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты*

Бірлескен/қос дипломды білім беру мақсатында атқарылатын жұмыстарды жолға қою.

*«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты*

БББ дамыту жоспарларына білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін айқындатын іс-шаралар ұйымдастыруды енгізу, ақпараттық маңызы бар мәселелерді сайт арқылы уақытында жариялау.

*«Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты*

6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 7M01701 Қазақ тілі және әдебиеті, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ басшылығына бағдарламалардың нәтижелілігін анықтауға бағытталған тұрақты мониторингілеу және оқыту әдістерінің тиімділігін мерзімдік бағалау әдіс-тәсілдерін 2022 жылғы 1 қыркүйегіне дейін анықтап жаңа оқу жылынан бастап енгізу жұмысын ұйымдастыру.

*«Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімдерін бағалау» стандарты*

Әр білім алушының БББ мақсатына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдерін әзірлеп қолдану, білім деңгейлерін аралық және қорытынды бағалаудың құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларын, проблемалық оқыту тәсілдерін әзірлеп пайдалану жұмысын ұйымдастыру жұмыстарын БББ дамыту жоспарына енгізу.

Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды әзірлеу, бағалаудың жаңа тәсілдерін айқындау әдістемесі бойынша оқытушыларға арналған біліктілікті арттыру курстарынан өту мүмкіндігін қарастыру. *Орындау мерзімі 2022-2023 оқу жылынан бастап.*

### ***«Білім алушылар» стандарты***

БББ контингентінің тұрақтылығын сақтау, 8D01701 Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасы контингентін арттыру үшін атқаратын жұмыс түрлерін жетілдіру.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті арттыру.

### ***«Профессор - оқытушылар құрамы» стандарты***

Профессор-оқытушылық құрамының шетелдік байланыстары мен ішкі академиялық ұтқырлығы көрсеткіштерін БББ дамыту жоспарына 2022-2023 оқу жылының басына дейін нақтылау.

Профессор-оқытушылық құрамының оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу, енгізу, өздерінің жалпыға арналған ашық оқу курстарын (MOOCs) дайындау бағытындағы жұмыстарын БББ дамыту жоспарына енгізу. Орындау мерзімі 2023-2024 оқу жылынан кеш емес.

### ***«Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты***

Қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етулер сапасын жұмыс берушелердің талаптарын ескере отырып жыл сайын талдап, жаңартуды ұйымдастыру.

Ерекше жағдайының болуын талап ететін тұлғалар үшін материалдық-техникалық ресурс және инфраструктурамен қамтамасыз етудің жол картасын әзірлеп іске асыру.

БББ бойынша зертханалар жұмысын жандандыру ұсынылады.

### ***«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты***

Кафедра сайтында БББ қызметі мен ерекшелігі туралы, соның ішінде қолдау жүйесі, оқу нәтижелері мен кәсіби біліктілік беру туралы толық объективті ақпарат орналастырылу.

ЖОО БББ аудиттелген қаржылық есептілігін өзінің веб-ресурсында жариялау.

## **(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР ШОЛУ**

Ұсыныстар жоқ.

1 қосымша. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі

6B01701 Қазақ тілі және білім беру бағдарламасы сапасын бағалау бойынша  
сыртқы сараптау комиссиясының қорытындысы

| №<br>п\п  | №<br>п\п | Бағалау өлшемдері  | Білім беру ұйымының позициясы |                 |                     |                    |
|---|----------|--|-------------------------------|-----------------|---------------------|--------------------|
|   |          |  | Мықты                         | Қанағаттанарлық | Жақсартуды болжайды | Қанағаттанарлықсыз |
| <b>«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты</b> |          |  |                               |                 |                     |                    |
| 1   | 1.       | ЖОО әр түрлі мүдделі тараптарды кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдауға негізделген ББ-нің мақсаты мен даму стратегиясының дамуын көрсетуі керек   |                               | +               |                     |                    |
| 2   | 2.       | Сапаны қамтамасыз ету саясаты зерттеу, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі керек   |                               | +               |                     |                    |
| 3   | 3.       | ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетін дамытады  |                               | +               |                     |                    |
| 4   | 4.       | Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер жүзеге асыратын кез-келген қызметке (аутсорсинг), соның ішінде бірлескен / қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты қолдануы керек   |                               | +               |                     |                    |
| 5   | 5.       | ББ басшылығы оның жұмыс істеуін, университеттің нақты орналасуын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тараптардың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығына негізделген даму жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді                 |                               | +               |                     |                    |
| 6   | 6.       | ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және жиі қайта қарау және оны іске асыру мониторингі, оқыту мақсаттарына жетуді бағалау, білім алушылар, жұмыс берушілер және қоғам қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ үнемі жақсартуға бағытталған шешімдерді қабылдау механизмдері қызмет етуін көрсетеді |                               | +               |                     |                    |
| 7   | 7.       | ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарын, соның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушыларды және ПОҚ қатыстыруы тиіс  |                               | +               |                     |                    |

|   |     |  |          |           |          |          |
|---|-----|--|----------|-----------|----------|----------|
| 8   | 8.  | ББ басшылығы ББ дамыту жоспарының даралығы мен бірігейлігін, оның білім беру ұйымдарын дамыту ұлттық басымдылықтары мен даму стратегиясымен келісілуін көрсетуі тиіс   |          | +         |          |          |
| 9   | 9.  | ЖОО ББ шеңберіндегі бизнес-процестерге, қызметкерлердің лауазымдық үлестерін бөлуге, алқалы органдардың функцияларын бөлуге жауапты адамдардың нақты анықтамасын көрсетуі керек  | +        |           |          |          |
| 10  | 10. | ББ басшылығы ББ әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық адамдардың қызметін үйлестіруді және оны үнемі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар барлық мүдделі тараптарды осы процеске қатыстырады   |          | +         |          |          |
| 11  | 11. | ББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін, оның дизайнын, басқаруын және мониторингін және тиісті шешімдер қабылдауын қамтамасыз етуі керек  |          | +         |          |          |
| 12  | 12. | ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс   |          | +         |          |          |
| 13  | 13. | ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарына мүдделі тараптар өкілдерінің (жұмыс берушілер, оқытушылар құрамы, студенттер) қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару туралы шешім қабылдауда олардың өкілдігін қамтамасыз етуі керек |          | +         |          |          |
| 14  | 14. | ЖОО ББ шеңберінде инновациялық менеджментті, соның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен іске асыруды көрсетуі керек  |          | +         |          |          |
| 15  | 15. | ББ басшылығы оқытушылар құрамына, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тұлғаларға өзінің ашықтығы мен қол жетімділігін көрсетуі керек   |          | +         |          |          |
| 16  | 16. | ББ басшылығы білім беруді басқару бағдарламалары бойынша оқытылуы тиіс   |          | +         |          |          |
| 17  | 17. | ББ басшылығы келесі сапаға дайындық кезінде сапаны қамтамасыз етудің соңғы сыртқы рәсімінен бастап қол жеткізілген жетістіктердің ескерілуіне ұмтылуы керек  | +        |           |          |          |
| <b>Стандарт бойынша барлығы</b>                     |     |  | <b>2</b> | <b>15</b> | <b>0</b> | <b>0</b> |
| <b>«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты</b> |     |  |          |           |          |          |
| 18  | 1.  | ЖОО заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық жасақтама  |          | +         |          |          |



|    |     |   |   |   |  |   |
|----|-----|---|---|---|--|---|
|    |     | негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуі керек  |   |   |  |   |
| 19 | 2.  | ББ басшылығы, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі түрде қолдануды көрсетеді  |   | + |  |   |
| 20 | 3.  | ББ басшылығы ББ құрамындағы барлық құрылымдық бөлімшелер мен бөлімдердің, оның ішінде олардың тиімділігін бағалаудың қызметін көрсететін есеп беру жүйесінің бар екендігін көрсетеді  |   | + |  |   |
| 21 | 4.  | ЖОО ББ басшылығын, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметін, топ-менеджментті бағалаудың формалары мен әдістерін анықтауы керек  |   | + |  |   |
| 22 | 5.  | ЖОО ақпараттың қорғалуын, оның ішінде ақпаратты талдау мен деректерді ұсынудың дәлдігі мен уақтылығына жауап беретін адамдарды анықтайтын механизмді көрсетуі керек   |   | + |  |   |
| 23 | 6.  | ЖОО білім алушыларды, қызметкерлерді және оқытушылар құрамы ақпаратты жинау және талдау процестеріне, сондай-ақ соларға негізделген шешімдер қабылдауға қатысатындығын көрсетеді  |   | + |  |   |
| 24 | 7.  | ББ басшылығы білім алушылар, қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптармен, оның ішінде жанжалдарды шешумен байланысты коммуникация механизмдерінің бар екендігін көрсетуі керек  |   | + |  |   |
| 25 | 8.  | ЖОО ПО шеңберінде профессор-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою туралы дәлелдемелер көрсетуі керек | + |   |  |   |
| 26 | 9.  | ЖОО іс-шаралардың тиімділігі мен нәтижелілігін, соның ішінде ББ тұрғысынан бағалауы керек   |   | + |  |   |
|    |     | ББ шеңберінде университет жинаған және талдаған ақпарат мыналарды ескеруі керек:  |   |   |  |   |
| 27 | 10. | тиімділіктің басты көрсеткіштерін   |   |   |  | + |
| 28 | 11. | нысандар мен түрлері шеңберінде білім алушылар контингентінің динамикасын   | + |   |  |   |
| 29 | 12. | білім алушылар үлгерімі, жетістіктері және оқудан шығарулы деңгейін   |   | + |  |   |

|   |     |  |          |           |          |          |
|---|-----|--|----------|-----------|----------|----------|
|   |     |  |          |           |          |          |
| 30  | 13. | білім алушылардың ЖОО ББ іске асыру мен оқыту сапасымен қанағаттануын  |          | +         |          |          |
| 31  | 14. | білім алушылар үшін білім беру ресурстарының және қолдау жүйелерінің қол жетімділігі;  |          | +         |          |          |
| 32  | 15. | түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі  | +        |           |          |          |
| 33  | 16. | Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ жеке деректерді өңдеуге құжаттамалық өз келісімдерін растау тиіс   |          | +         |          |          |
| 34  | 17. | ББ басшылығы тиісті ғылым салаларында барлық қажетті ақпараттарды ұсынуға үлес қосуы керек   |          | +         |          |          |
| <b>Стандарт бойынша барлығы</b>                                   |     |  | <b>3</b> | <b>13</b> | <b>1</b> | <b>0</b> |
| <b>«Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты</b> |     |  |          |           |          |          |
| 35  | 1.  | ЖОО ББ-ны әзірлеудің және оны институционалдық деңгейде бекітудің құжатталған процедурасының бар екендігін көрсетуі керек  |          | +         |          |          |
| 36  | 2.  | ЖОО дамыған ББ-ның белгіленген мақсаттар мен жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі керек  |          | +         |          |          |
| 37  | 3.  | ББ басшылығы оқу нәтижелерінің қалыптасуына пәндер мен кәсіби тәжірибелердің әсерін анықтауы керек   | +        |           |          |          |
| 38  | 4.  | ЖОО ББ түлегінің оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын моделінің бар екендігін көрсете алады   |          | +         |          |          |
| 39  | 5.  | ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, түсіндірілуі және НСК, QF-EHEA белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі керек  |          | +         |          |          |
| 40  | 6.  | ББ басшылығы жоспарланған оқытуға қол жеткізуге бағытталған, ББ және оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) қойылған мақсаттарға сәйкес келуін қамтамасыз етіп, Еуропалық несие аударымдары мен жинақтау жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымының нәтижелерін көрсетуі керек |          | +         |          |          |

|   |     |   |          |          |          |          |
|---|-----|---|----------|----------|----------|----------|
| 41  | 7.  | ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқу нәтижелерінің бір-біріне және білім деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек                     |          | +        |          |          |
| 42  | 8.  | ББ басшылығы ББ-нің сыртқы емтихандарын өткізуді көрсетуі керек   |          | +        |          |          |
| 43  | 9.  | ББ басшылығы білім алушылардың, оқытушылар құрамының және басқа мүдделі тараптардың ББ-ны дамытуға қатысуын, олардың сапасын қамтамасыз етуі керек  |          | +        |          |          |
| 44  | 10. | ББ басшылығы ББ-ның білім беру нарығындағы позициясын (аймақтық / ұлттық / халықаралық), оның бірегейлігін көрсетуі керек   | +        |          |          |          |
| 45  | 11. | Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады   |          | +        |          |          |
| 46  | 12. | Шетелдік университеттермен қос дипломды ББ және / немесе бірлескен ББ болуы маңызды фактор болып табылады   |          |          | +        |          |
| <b>Стандарт бойынша барлығы</b>   |     |   | <b>2</b> | <b>9</b> | <b>1</b> | <b>0</b> |
| <b>«Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау» стандарты</b> |     |   |          |          |          |          |
| 47  | 1.  | ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі керек              | +        |          |          |          |
| 48  | 2.  | ЖОО ББ мақсатына жету үшін ББ-ны бақылау мен кезеңді бағалаудың құжатталған процедурасының бар екендігін көрсетуі керек. Осы процедуралардың нәтижелері ББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталған |          | +        |          |          |
